# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

3. Сіздің ойыңызша, Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуында қандай тарихи оқиға маңызды рөл атқарды?

Қазақ халқы тәуелсіздікке жету жолында қаншама азап пен қиындық көргені, барша халыққа мәлім. Ата-бабаларымыз елі, жері, тілі мен дінін сақтап қалу мақсатында соңғы тамшы қаны қалғанша соғысты. Қазақ хандығы қалыптасқаннан бастап, әр жақтан тұнған жаулар жерімізді басып алмақшы болды. Жоңғарларға қарсы көптеген жорықтар ұйымдастырылды, оның көбісі жеңіспен аяқталды. Абылай хан да „Абылайлап" қазақ батырларының рухын көтеріп қана қоймай, үш жүздің басын қосқан алғаш ханы болатын. Ресей Империясының қол астында жүрген кезде болған. Бірақ осы қиындыққа мойымай, кім екенімізді ұмытқан жоқпыз. Ұлы Отан соғысы жылдарын еске түсірсек, қатты қынжыламыз. Немістер төтесінен шаш бергенде, қаншама ата-әжеміз қаза тапты. Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова секілді жас қыздар соғысқа аттанып, оралған жоқ. Бауыржан Момышұлы атамыздың ерліктері қаншама. Жау шебінде тұрып сескенбестен әскерін аман алып шықты. Сонымен қатар соғыстан аман оралып, қаншама шығармалар жазған болатын. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов секілді ақсүйектер елінің қамын ойлап, Алаш партия автономиясын құрды. Осы партияда Ресей үкіметіне деген наразылықтарын білдірді. Сонымен қатар И.Сталинге „Бесеудің хаты" деген атаумен жолдау жазған болатын. Бұл партиядан кейін ҚАЗАКСР құрылған болатын, бұл тәуелсіздігімізге жету жолындағы нақты қадамдар еді. Осының бәрі Қазақстан Тәуелсіздігінің қалыптасуындағы маңызды тарихи оқиғаларға сенімді түрде жатқызуға болады. Бірақ өзім айрықша тоқталып айтып өткім келгені „Желтоқсан оқиғасы". Қазақ елінің басшысы болып өзге ұлттың азаматын сайлауы



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

**ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА**
**№ 1**
**Эссе**

бүкіл халықты шулатқан болатын. Сонда жастар бұлығып көтеріліс ұйымдастырған. Ресей үкіметінің қайтпасаңдар оқуларыңнан шығарып жібереміз дегені де, жастарды шегіндірген жоқ. Осыдан кейін үкімет қатаң шаралар ұстанған болатын, жастарды соққыға жығып, аязға қарамастан суық су шашты. Бірақ жүрегі қазақ деп соққан жастар берілмей, олардың дегені болды. Сонда басшылыққа тұңғыш президентіміз Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Атамыз сайланды. Осы кезден бастап еліміз тәуелсіздігін алған болатын. Ата-бабаларымыздың рухы шарқайып қалды деген сенімдемін.

Осы 2022 жылы болған қаңтар оқиғасы да халық пен үкімет арасындағы кикілжіңді жойды деген ойдамын. Ол біздің қазіргі президент Қасым-Жомарт Кемелұлының арқасы. Ендігі кезекте еліміз қой үстінде (жұмыртқалағандай-) бозторғай жұмыртқалағандай тыныштық пен ашық аспан астында өмір сүргіміз келеді.

Екатерина ханшайым айтқандай „қазақтар өздерінің кім екенін білсе, бүкіл әлемді жаулап алатындай күші бар" дегенін ұмытпай рухымызды биік ұстап тату болу керекпіз. Тек бірлестікте болсақ қана еш қиындыққа мойымаймыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | + | | | |
| 2 | + | | | |
| 3 | | | + | |
| 4 | | | | + |
| 5 | + | | | |
| 6 | | + | | |
| 7 | | + | | |
| 8 | + | | | |
| 9 | | | | + |
| 10 | | + | | |
| 11 | | | | + |
| 12 | | | + | |
| 13 | | | + | |
| 14 | + | | | |
| 15 | | | + | |
| 16 | | + | | |
| 17 | | | + | |
| 18 | | | + | |
| 19 | | | | + |
| 20 | | | | + |



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ